Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінде қашықтан білім беру технологияларын қолданумен емтихандарды жүргізу бойынша
ҚАДАМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҚ

1. Тестілеуді жүргізу реті

Емтихан тестілеу түрінде «Platonus»ААЖ автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде жүргізіледі.

Емтихан 60 минут бойы жүреді және 5 жауап нұсқасы бар 20 сұрақты қамтиды. Әр білім алушы тек бір рет тестілеуден өтуге құқылы.

Тестілеуден өту үшін білім алушы:

1. Google Chrome браузері арқылы http://wkitu.platonus.tk сілтемесі бойынша «Platonus»ААЖ кіруі тиіс;
2. Ашылған терезеде білім алушы өз ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірін), құпиясөзін – ол да білім алушы ЖСН енгізеді;



3. Білім алушы «Басты бет» бөлімінде «Тапсырма» терезесін ашады. Төменнен тест тапсырмасын тауып, тест сұрақтарына жауап береді, жауап парағын толтырады және оны *емтихан қабылдаушыға бірлескен электрондық поштаға* жөнелтеді.

Тестілеу кезіндегі күтпеген жағдайларда (интернет байланыстың, электр қуатының ажыратылуы және басқалар), осы жағдайлар расталғанда, білім алушыға емтихан сессиясы біткеннен кейін қосымша кесте бойынша емтиханды тапсыру мүмкіндігі беріледі.

Тестілеу кезінде білім алушы міндетті:

- егер емтихан басталар алдында немесе емтихан кезінде білім алушыда интернет байланыс күтпеген жағдайдан ажыратылса, емтихан қабылдаушыға телефон шалуға.
- академиялық адалдық саясатын сақтауға.

Емтиханға дәлелді себептермен қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда білім алушы емтиханға дейінгі бір күннен кешіктірмей оқытушыға хабарлауы тиіс. Білім алушының емтиханға қатыспауы емтиханды Жазғы семестрге ауыстыруға негіз болып табылады.

2. Ауызша емтихан түрлерін өткізу реті

Емтиханға дайындалу үшін Білім алушы алдын ала оқытушыдан емтихан сұрақтары тізімін және дайындалуға қажетті әдебиеттер тізімін алады;

Емтиханды қабылдау онлайн режимде ZOOM, Skype, MicrosoftTeams, FreeConferenceCall және б. конференцияларды жүргізу жүйелері арқылы өткізеді. Бейнежазбаны сақтау жүргізіледі.

Білім алушы өз жеке тұлғасын сәйкестендіру үшін оның жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын қолданады;

Білім алушыларға емтихан билеттерін үйлестіру емтихан комиссиясы төрағасымен жүргізіледі;

Онлайн емтиханға бір уақытта 10 білім алушыдан асырылмай өткізіледі. Дайындалу уақыты -20 минут;

Білім алушы міндетті:

- емтиханды жүргізу регламентін сақтауға;
- емтихан комиссиясы мүшелері сауалдарына нақты және түсінікті жауап беруге;
- академиялық адалдық саясатын сақтауға;

Білім алушы академиялық адалдық ережелерін бұзған жағдайда (көшіру, көмектесу) оның емтихан нәтижелері жойылады.

Емтиханға дәлелді себептермен қатысу мүмкіндігі болмаған жағдайда білім алушы емтиханға дейінгі бір күннен кешіктірмей оқытушыға хабарлауы тиіс. Білім алушының емтиханға қатыспауы емтиханды Жазғы семестрге ауыстыруға негіз болып табылады.

3. «Жиынтық бағалау» әдісімен емтихандарды жүргізу реті.

Қашықтан білім беру технологиялары арқылы оқу нәтижелерін білім алушы жетістігін бағалау мүмкін болмайтын жағдайларда (мысалы, білім беру қорларының болмауы, зертханалық және өзге тікелей университеттегі жағдайларда және (немесе) практикалық базада практикалық дағдыларды қалыптастырудың мүмкін болмауы), білім алушыда жеткілікті техникалық құралдар және (немесе) Интернет желісіне шығу мүмкіндігі болмаған жағдайларда, университет емтиханды өткізуді жиынтық бағалаумен ауыстыра алады.

«Жиынтық бағалауды» қолдану кезіндегі пән бойынша қорытынды баға ағымдық және (немесе) аралық бақылау тапсырмаларын орындағаны үшін ағымдық академиялық кезең ішінде білім алушыға қойылған балдардың орташа мәні ретінде анықталады.

Емтиханды «Жиынтық бағалауға» ауыстыру білім алушы өтініші негізінде университет ректоры шешімімен жүзеге асырылады.

4. Техникалық қолдау

Техникалық қолдау Ақпараттық технологиялар орталығымен жүзеге асрыылады:

- Оқу порталының тоқтаусыз жұмысын қамтамасыз ету;
-Оқытушылармен ұсынылған тест сұрақтары базасынан тестілерді қалыптастыру;
-Ауызша емтихандардың On-line жазбасы;
-Емтихандарды қабылдау барасындағы техникалық ақауларды тіркеу;
-Емтихан нәтижелерін «Platonus»ААЖ енгізуді техникалық қамтамасыз ету.